

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ КАФЕДРАСЫ

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығы аясында
Академик Т.Т. Тәжібаевтың туылғанына 114 жыл толуына арналған
«ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ОҚУ-АҒАРТУ ЖҮЙЕСІ:
ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
ЖИНАҒЫ

СБОРНИК

международной научно-практической конференции
«НАУКА И СИСТЕМА ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСТАНА: ПУТИ И
ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ», посвященной 114-летию со дня рождения
академика Т. Т. Тажибаева, в рамках 90-летия Казахского национального
университета имени аль-Фараби

COLLECTION

of the international scientific and practical conference
"SCIENCE AND THE EDUCATION SYSTEM OF KAZAKHSTAN: PATHS
AND PROSPECTS OF DEVELOPMENT", dedicated to the 114th anniversary
of the birth of academician T. T. Tazhibayev within the framework of the 90th
anniversary of the Al-Farabi Kazakh National University

Алматы, 2024

УДК 378(063)
ББК 74.58
Қ 18

«ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ОҚУ-АҒARTY ЖҮЙЕСІ: ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы. Алматы, 2024. – 2166 б.

ISBN 978-601-269-484-0

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығы аясында академик Т.Т. Тәжібаевтың туылғанына 114 жыл толуына арналған **«Қазақстан ғылымы және оқу-ағарту жүйесі: даму жолдары мен болашағы»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ үшінші ректоры, Т.Т.Тәжібаевтың (1910-1964) ғылым, білімге, басқарушы қызметіне бағытталған озық идеялары мен 90 жылдық тарихы бар университеттің дамуына өз үлесін қосқан ғалымдардың ғылыми еңбектері, университеттік білім беру жағдайында ғылыми зерттеулерді дамытудың басымдықтары, білім алушылардың сұранысына ие цифрлық педагогика, инновациялық оқыту әдістемелері, инклюзивті білім беру жағдайындағы ғылыми ізденістер, ғылыми және кәсіби ұйымдардың өзара ынтымақтастығына негіз болатын білім беру үдерісін ізгілендіру мәселелеріне басты назар аударылады.

Білім берудің барлық деңгейлерінде практикалық қызметті жүзеге асыратын немесе білім беру нәтижелеріне қызығушылық танытатын педагогтарға, білім беру мекемелерінің басшыларына және басқа да кәсіби мамандарға арналған.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і, Философия және саясаттану факультетінің Ғылыми кеңесінің 2024 жылғы 26 қаңтар №9 хаттамамен басып шығаруға ұсынылды.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТӘРБИЕ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Ниязова Гулжан Жолаушиевна,

п.ғ.к., доцент.

Компьютерлік инженерия кафедрасы,

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-і

Аннотация. Бұл мақалада цифрлық трансформация жағдайында тәрбие үдерісінің өзгерісі туралы зерделенген. Киберкеңістіктегі коммуникативтік проблемалардың бірі ретінде жасөспірімдер арасындағы кибербуллингтің алдын алудың әдістемелік аспектілері қарастырылған.

Түйін сөздер: интернет, кибербуллинг, виртуалды кеңістік, тәрбие, жасөспірім.

Аннотация. В данной статье изучено изменение воспитательного процесса в условиях цифровой трансформации. В качестве одной из коммуникативных проблем в киберпространстве рассматриваются методические аспекты профилактики киберзапугивания среди подростков.

Ключевые слова: интернет, кибербуллинг, виртуальное пространство, воспитание, подросток.

Abstract. This article examines the change in the educational process in the context of digital transformation. Methodological aspects of the prevention of cyberbullying among adolescents are considered as one of the communicative problems in cyberspace.

Key words: internet, cyberbullying, virtual space, parenting, teen.

Сонымен қатар, цифрлық тәрбие жұмысын жасөспірімдер арасында іске асыру арқылы «Қазақстан-2050» Стратегиясының баланы қорғау бағытын, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының негізгі идеялары іске асырылады. Педагогтің кәсіби стандартында 2-еңбек қызметі ретінде көрсетілген «...тәрбиелік жұмыстарды іске асыру арқылы білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту» бойынша жүйелі жұмыстарға қосылған үлес болып табылады.

Өзін-өзі тәрбиелеудің де өзгеріске ұшырайтынын мойындау керек. Тәрбие әдет-ғұрып бойынша немесе мемлекет, қоғам белгілеген және бақыланатын ережелер, заңдар, стандарттар негізінде жүзеге асырылған дәстүрлі және индустриалды қоғамнан айырмашылығы, постиндустриалды, цифрлық қоғамда тәрбие нақты өзгермелі және үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік жағдайда жүзеге асырылады.

Демек, нақты ғана емес, сонымен қатар виртуалды қоғам – интернет кеңістігінде, 3D шындықта-тәрбие ортасы бола алады, осылайша ата-ана тәрбиесінің шекарасын кеңейтеді [1]. Тәрбие қоғамның дәстүрлерін, жалпы және кәсіби мәдениеттің мағыналары мен құндылықтарын тарату ретінде қарастырылуы керек, диалогтық өзара іс-қимыл барысында жеке құндылықтар, көзқарастар, мүдделер қиылысады, бұл білім алушылардың жалпы дамуын сенімді қарым-қатынас негізінде іске асырады [2]. Осы орайда, жасөспірімдердің цифрлық ортадағы тәрбиесіне байланысты бірқатар проблемалар жүйелі ұйымдастырылған нәтижелі әдістемелік тәжірибелерді қалыптастыруды қажет етеді.

Балалардың жеке танымдық іс-әрекеті мен білім беру қажеттіліктері коммуникативті тәжірибелердің, қарым-қатынастың және әлеуметтік қызметтің алуан түрлілігіне әсер ететін білім беру бағдарламасының мазмұнын игеру шеңберінен асады. Бұл процесте жасөспірімнің балалар мен ересектер қауымдастығына қатысуы, онда ол сындарлы өзара әрекеттесу, нәтижелі ынтымақтастық және тиімді жұмыс үшін өте маңызды әлеуметтік-мәдени тәжірибе алуымен байланысты [3]. Жасөспірімдерді тәрбиелеуде цифрлық технологияларды қолданудың үш бағытын атауға болады:

бірінші бағыт – мазмұнында міндетті түрде тәрбиелік компоненті бар білім беру құралдарын электрондық басылымдар мен ресурстарды-электрондық анықтамалықтарды, энциклопедия-

ларды, оқыту бағдарламаларын, виртуалды орталарды, компьютерлік оқулықтар мен тренажерлерді әзірлеу;

екінші бағыт - тәрбие жұмысының дәстүрлі, қалыптасқан әдістерін және оларды қамтамасыз ететін құралдарды тәрбие процесіне әсер ететін жаңа, ақпараттық құралдармен

үйлестіруге мүмкіндік беретін тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу;

үшінші бағыт - жалпы білім беру шеңберінде іске асырылатын білім беруде ақпараттық технологиялар құралдарын пайдалануға педагог кадрларды даярлау және қайта даярлау [4].

Қызықты сабақ әрқашан қарапайым сабақты тәрбиелік сабаққа айналдыра алмайды. Қызығушылық, әрине, маңызды шарт, бірақ бұл жалғыз емес. Тәрбиелік сабақ - бұл мектеп оқушыларын құндылықтар, адамгершілік мәселелер, өмірлік мәселелер туралы ойлауға итермелейтін тәрбиелік мазмұны бар сабақ.

Бұған, мысалы, балаларға сабақта белгілі бір тәрбиелік ақпаратты ұсыну арқылы қол жеткізуге болады. Бұл денсаулық пен жаман әдеттер, адамдардың моральдық және азғындық әрекеттері, батырлық пен қорқақтық, соғыс пен экология, классикалық және танымал мәдениет, әдеби және тарихи кейіпкерлердің тағдырының бұрылыстары туралы ақпарат болуы мүмкін. Бұл әлеуметтік, моральдық, этикалық мәселелерді қозғайтын ақпарат болуы мүмкін; тұлғааралық, топаралық, ұлтаралық немесе конфессияаралық қатынастардың ерекшеліктері; адамдардың саяси, экономикалық, мәдени өмірінің мәселелері. Яғни, өсіп келе жатқан адамға күнделікті өмірінде толыққанды өмір сүру, қоғамға сәтті кіру үшін қажет нәрсенің бәрі [5].

Біздің зерттеу проблемамыз үшін цифрлық технологиялардың жасөспірімдердің тұлға ретінде қалыптасуына ықпалын кибербуллинг тұрғысынан зерттеу ерекше маңызға ие. Себебі, цифрлық технологиялар оқыту мазмұнына, оқытудың оң нәтижелеріне қол жеткізуге айтарлықтай ықпал еткенімен, цифрлық ортадағы түрлі әлеуметтік коммуникативтік орталардың (әлеуметтік желілер) ықпалы жасөспірімдер тәрбиесін жаңарта, толықтырып іске асыруды қажет етеді. Олар:

- интернетке тәуелділік;
- компьютерге тәуелділік;
- компьютерлік ойындарға құмарлық;
- кибербуллинг және т.б.

Аталған келеңсіздіктердің себептердің бірі цифрландыру қарқынының артуы болып табылады. Тағы бір себеп - жасөспірімдердің виртуалды әлемдегі қауіптер туралы және олардың алдын алу немесе жеңу жолдары туралы хабардар болмауы. Жасөспірімдер арасындағы кибербуллинктің алдын алу бойынша атқарылатын педагогикалық іс-әрекеттерді келесі бағыттарда іске асыру тиімді (сурет 1).



1-сурет – Жасөспірімдер арасындағы кибербуллинктің алдын алу бойынша іс-шаралар бағыттары

Жасөспірімдер арасындағы кибербуллингтің алдын алу бағытында төмендегідей іс-шараларды жүйелі әрі кешенді ұйымдастыру оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

1. Жасөспірімдермен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының болжамды формалары:

1. Әлеуметтік желілердегі коммуникативтік мәдениет туралы мысалдармен қанықтырылған сюжетті қысқа әңгімелер құрастыру конкурсы.

2. «Қауіпсіз интернет» тақырыбында шағын топтардағы жаттығу (3-4 адам). Топқа кибербуллинг сипаты бар жағдай ұсынылады. Жасөспірімдер осы жағдайда қауіпті және қауіпсіз әрекет ету жолдарын ойлап табуы тиіс, содан кейін оны бүкіл аудитория алдында рөлдерде ойнау арқылы көрсету қажет [6].

3. Кибербуллингтің алдын алуға бағдарланған ойындарды ұйымдастыру.

4. «Менің интернет портретім» тақырыбында эссе конкурсын ұйымдастыру;

5. Пікірталас. Пікірталасты ұйымдастыру тәсілдері әртүрлі: олар топтық және жеке, жұптық пікірталастар болуы мүмкін. Пікірталас кез-келген топтың жеңісімен аяқталуы мүмкін, әр қатысушы өз пікірінде қалуы мүмкін, барлық қатысушылар белгілі бір проблеманы көруде бір пікірге келеді.

6. Тренингтер тақырыптары «Кибербуллинг немесе қауіпті виртуалды кеңістік», «Өзіл түбі – зіл немесе әлеуметтік желілердегі кибербуллинг», «Кибербуллингтің құрбаны болмау» және т. б.

7. Бейне дәрістер әзірлеуге арналған тақырыптар жобасы:

«Интернеттегі қауіп - қатерлер мен бопсалау;

«Қылмыс пен жаза: интернеттегі буллинг үшін жаза»;

II. Ата-аналармен әңгімелесу тақырыптары:

1. Кәмелетке толмағандардың компьютерлік және виртуалды тәуелділігі.

2. Кәмелетке толмағандарда агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуының психологиялық себептері.

3. Жасөспірімдер арасындағы моббинг және қорқыту.

4. Әлеуметтік медиа: аңыз бен ақиқат.

5. Жасөспірімнің виртуалды коммуникативтік сипаты.

6. Қауіпсіз КАЗНЕТ.

Қорытынды. Интернет коммуникация, интернет психологиясы теориялары, заманауи оқыту мен тәрбиелеу теориялары арқылы кибербуллингтің алдын алу және әлеуметтік медиа платформалардың жасөспірімдер тұлғасының қалыптасуындағы рөлін кең ауқымды зерттеу маңызды. **Бұл отандық білім беру саласын жетілдіруге және жасөспірімдердің «Толық адам» тұғырына сай азамат ретінде қалыптасуына өзіндік ықпал етеді.**

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым комитетімен қаржыландырылды (AP19679127)

Әдебиеттер тізімі:

1. Ромм Т.А., Ромм М.В. Воспитание в цифровую эпоху. Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия Акмеология образования. Психология развития, vol. 10, № 4 (40), 2021, -С. 360-366.

2. Шаронин Ю.В. Цифровое воспитание в современном образовании. Вестник РМАТ, №1, 2023, -С. 42-51.

3. Воспитание в информационную эпоху: пособие для педагога / Коллективная монография. / Электронное издание. – М.: АНО Издательский Дом «Педагогический поиск», 2022. – 144 с.

4. Цифровая среда и современное воспитание. / Коллективная монография. /Электронное издание/ – М.: АНО Издательский Дом «Педагогический поиск», 2022. – 128 с.

5. Воспитание в современной школе: от программы к действиям. Методическое пособие / П. В. Степанов, Н. Л. Селиванова, В. В. Круглов, И. В. Степанова, И. С. Парфенова, И. Ю. Шустова, Е. О. Черкашин, М. Р. Мирошкина, Т. Н. Тихонова, Е. Ф. Добровольская, И. Н. Попова; под ред. П. В. Степанова. – М.: ФГБНУ «ИСРО РАО», 2020. – 119 с.

6. Профилактика кибермоббинга и кибербуллинга в среде несовершеннолетних: методическое пособие / Т.А. Дёгтева и др. – Ставрополь: Ставропольское издательство «Параграф», 2017 г. – 81 с.

Лиясова А.А., Ермаханова Л.А. АТА-АНАЛАРДЫҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ТӘРБИЕЛЕУДЕ КОММУНИКАТИВТІ ҚАБІЛЕТТЕРІНЕ ӘСЕР ЕТУІ ЖАЙЫНДА	977
Ахметова А.И., Илияс М.Б. НАПРАВЛЕНИЯ ТЕХНОЛОГИИ СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ РАБОТЫ С ОДАРЕННЫМИ ШКОЛЬНИКАМИ	983
Мулдашева А.Б., Тасимова А.А. LESSON STUDY ЗЕРТТЕУ САБАҚТАРЫНДА ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘН БОЙЫНША БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ ӘДІСТЕРІ	986
Ниязова Г.Ж. ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТӘРБИЕ ПРОБЛЕМАЛАРЫ	991
Нурмаханов Е.А. VR ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ.	994
Паримбай Г.Ғ., Досанова М.М., Усипбекова А.С. ПСИХОЛОГИЯ БАКАЛАВЛАРЫ ҮШІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР – ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ	997
Пошаева Г.С., Амантай Н.Е. ЖАЛПЫ БИОЛОГИЯНЫ ТЕРЕНДЕТІП ОҚЫТУДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУДІҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ	1001
Пошаева Г.С., Молдабеков М.А. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ БІЛІМНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ	1105
Иманбекова Б.И., Текесбаева А.М., Текесбаева Г.М. АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАРЫНЫҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ	1109
Рамазанова С.Ә., Абдуллаева П.Т. ЦИФРЛЫҚ БУЫНЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ -ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ	1116
Узакова Б.З. ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ САПАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	1022
Кульбаева Б.Т., Сағынтай Берке ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТӘСІЛДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ: ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛІ (АҒЫЛШЫН ТІЛІ МЫСАЛЫНДА)	1026
Касымов М.Р., Амирова Г.Г., Пелешко Т.В. ПОВЫШЕНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО МАСТЕРСТВА УЧИТЕЛЯ В ПРОЦЕССЕ НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ	1031
Касымов М.Р., Юлдашбай М.Р., Джумалбекова А.С. БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ КӨРНЕКІЛІКТІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ	1036
Әрінова Б.А., Танатарова А. О. ЗАМАНАУИ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ	1039
Токтагулова Г.Б. БАЛАЛАРДЫ ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕЛЕУДЕ ЭТНОПЕДАГОГИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ	1044
Умбет Р.С. ПРИЧИНЫ СУИЦИДАЛЬНОГО ПОВЕДЕНИЯ ПОДРОСТКОВ	1049
Үсембаева Ш.Е. БАСТАУЫШ СЫНЫПТА СӨЗ ТІРКЕСТЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	1054
Қасымова А.Х., Қуанова Ф.Н. ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ АРҚЫЛЫ ЖАҒЫМДЫ ИМИДЖ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ДИАГНОСТИКАСЫ	1058